

## САҚТАУ ШАРТЫ

- 1. Сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тараптың (жүк берушінің) берген затын сақтауға және бұл затты сақталған күйінде қайтаруға міндеттенеді.
- 2. Сақтау шарты зат сақталуға берілген кезден бастап жасалған деп танылады.
- 3. Қозғалмайтын мүлікті күзетуге осы тараудың күші қолданылмайды.



## ЗАТТЫ САҚТАУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШАРТ

- 1. Сақтауды кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыратын сақтаушы шарт бойынша өзіне жүк берушінің затын сақтауға қабылдау және жүк берушінің берген затын осы тараудың ережелеріне сәйкес сақтау міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін.
- 2. Шарт бойынша өзіне затты сақтауға қабылдау міндеттемесін алған сақтаушының бұл заттың өзіне сақтауға берілуін талап етуге құқығы жоқ. Алайда шартта көзделген мерзімде затты сақтауға бермеген жүк беруші, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақталмай қалуға байланысты келтірілген залалдар үшін сақтаушының алдында жауапты болады.
- 3. Егер жүк беруші сақтаушының қызметінен бас тартқандығы туралы қисынды мерзімде мәлімдеген болса, ол затты сақтауға бермегені үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, шартта келісілген мерзімде зат сақталуға өткізілмеген, ал бұл мерзім шарт жасалған күннен бастап отыз тәулік өткенге дейін белгіленбеген жағдайларда сақтаушы затты сақтауға қабылдау міндетінен босатылады



# САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ НЫСАНЫ

- 1. Сақтаушының нөмірлер, жетондар және басқа да заңды деп танылған белгілер беруі арқылы заттарды қысқа мерзімге сақтауға сақтау камераларына және вокзалдардың, әуежайлардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, театрлардың, мұражайлардың, стадиондардың, асханалардың және т.б. киім ілгіштеріне өткізулерді қоспағанда, сақтау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.
- 2. Егер сақтауға алынған заттар сақтаушы жүк берушіге сақтау қолхатын, түбіртек, куәлік, сақтаушы қол қойған өзге де құжаттар беру жолымен куәландырылған болса, шарттың жазбаша нысаны сақталған болып есептеледі.
- 3. Тұрмыстық қызмет көрсету түріндегі сақтау шарты ауызша нысанда жасалуы мүмкін.
- 4. Сақтауға алынған зат пен сақтаушы қайтарған заттың бірдейлігі туралы дау туған жағдайда куәгерлік айғақтарға жол беріледі.
- 5. Заттарды төтенше жағдайлар (өрт, су тасқыны және басқалар) кезінде сақтауға өткізу, шарттың жазбаша нысаны болмаған жағдайда сақтауға өткізілген заттардың құнына қарамастан куәгерлік айғақтар бойынша дәлелденуі мүмкін.



# САҚТАУ МЕРЗІМІ

- 1. Егер зат талап етілмелі сақтауға немесе мерзімі көрсетілмей өткізілген болса, сақтаушы осындай жағдайлардағы заттың әдеттегі сақталу мерзімі өткен соң жүк берушінің заттарды қайтып алуын талап етуге құқылы, бірақ жүк берушіге затты қабылдап алуға жететіндей қисынды мерзім беруге міндетті.
- 2. Жүк беруші шарт бойынша сақтаудың өзге мерзімі көзделгенде де кез келген уақытта сақтаушыдан затты талап етуге құқылы. Алайда бұл жағдайда жүк беруші, егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтаушыға міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туған залалдарды өтеуге міндетті.



# САҚТАУШЫҒА СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕУ

- 1. Сақтау шарты бойынша сақтаушыға берілетін сыйақы мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда сыйақының мөлшері таксалар, ставкалар, тарифтер бойынша айқындалуы мүмкін.
- 2. Тараптардың келісуімен немесе заң актілерімен сақтаудың тегін түрі шарттастырылуы мүмкін. Тегін сақтау кезінде жүк беруші сақтаушыға заттарды сақтау үшін қажетті, нақты жұмсалған шығындарды өтеуге міндетті.
- 3. Егер заңдарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмеген болса, сақтаушыға сақтағаны үшін сыйақы сақтау аяқталған соң, ал егер кезең бойынша төлеу көзделген болса - әрбір кезеңнің аяқталуы бойынша төленуге тиіс. Егер сақтау, шартта белгіленген сақтау мерзімінен бұрын тоқтаса, сақтаушыға сыйақының соған мөлшерлес бөлігі төленуі тиіс.
- 4. Егер шартта көзделген мерзім өткеннен кейін сақтауда тұрған затты жүк беруші қайтарып алмаған болса, ол сақтаушыға затты бұдан әрі сақтағаны үшін сол бұрынғы мөлшерде сыйақы төлеуге міндетті.
- 5. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтау бойынша шығындар сыйақының сомасына енгізіледі. Төтенше шығындар сыйақының сомасына немесе шартта көзделген шығындардың құрамына кірмейді деп ұйғарылады.



# САҚТАУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ӨЗГЕРТУ

- 1. Затты сақтаудың сақтау шартында көзделген жағдайларын өзгерту қажет болған кезде сақтаушы бұл туралы жүк берушіге дереу хабарлауға және оның жауабын күтуге міндетті
- 2. Заттың жоғалу және бүліну қаупі туған жағдайда сақтаушы жүк берушінің жауабын күтпестен, сақтаудың шартта көзделген әдісі мен орнын өзгертуге міндетті

3. Егер зат сақталу кезінде бүлінуге ұшыраса немесе оның сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін және жүк беруші тарапынан шаралар қолдануды күтуге болмайтын басқа жағдайлар туындағанда, сақтаушы сақтау және сату бойынша өз шығындарын өтей отырып, затты немесе оның бір бөлігін сатуға құқылы.



# ЗАТТЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАҒА САҚТАУҒА БЕРУ

- 1. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмеген болса, сақтаушының жүк берушінің келісімінсіз, егер бұл орайда жүк берушінің мүдделеріндегі қажеттілік тумаса және сақтаушы оның келісуін алу мүмкіндігінен айырылса, затты үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ. Заттың үшінші тұлғаға берілгендігі туралы сақтаушы дереу жүк берушіге хабарлауға міндетті.
- 2. Сақтаушы затты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-әрекеті үшін жауап береді.



## САҚТАУШЫ-КӘСІПКЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 1. Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.
- 2. Егер шартта көзделген сақтау мерзімі немесе осы Кодекстің 773-бабында белгіленген тәртіппен сақтаушы көрсеткен мерзім өткен соң жүк беруші затты қайтарып алмаған болса, оның тарапынан қасақана пиғыл немесе өрескел абайсыздық болғанда ғана сақтаушы бұл заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.





# ЛОМБАРДА САҚТАУ

- . Затты ломбардта сақтау шарты ломбардтың атаулы сақтау түбіртегін беруімен ресімделеді.
- 2. Ломбардқа сақтауға өткізілетін зат тараптардың келісуі бойынша, осы тектес және сапасы сондай затқа, оны сақтауға қабылдау кезі мен жеріндегі саудада әдетте белгіленетін бағаларға сәйкес бағалануға тиіс.
- 3. Ломбард сақтауға қабылдаған затты оның осы баптың 2-тармағына сәйкес жүргізілген толық бағасының сомасына қарай жүк берушінің пайдасына сақтандыруға міндетті.



# КӨЛІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ САҚТАУ КАМЕРАЛАРЫНДА САҚТАУ

- . Көлік ұйымдарының қарамағындағы сақтау камералары жол жүру құжаттарының болуына қарамастан жолаушылардың және өзге де азаматтардың заттарын сақтауға қабылдауға міндетті. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау шарты жария шарт деп танылады (осы Кодекстің 387-бабы).
- 2. Заттардың сақтау камерасына (автоматты камерадан басқа) қабылдануын растап жүк берушіге түбіртек немесе нөмірлі жетон беріледі. Түбіртек немесе жетон жоғалған жағдайда сақтау камерасына өткізілген заттар жүк берушіге бұл заттардың оған тиесілі екендігіне дәлелдер көрсетуі бойынша беріледі.
- 3. Сақтау камерасына өткізілген заттардың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен жүк беруші шеккен залалдардың сомасы, егер заттарды сақтауға өткізу кезінде оған бағалау жүргізілген болса не егер тараптар өтелуге тиісті залалдардың сомасына қатысты келісімге келген болса, жүк берушіге тәуліктік мерзімде төленеді.
- 4. Заттар сақтау камерасына арнайы ережелерде немесе тараптардың келісімінде белгіленген шектердегі мерзімге өткізіледі. Көрсетілген мерзімде талап етілмеген заттарды сақтау камерасы тағы да үш ай бойына сақтауға міндетті. Бұл мерзім өткен соң талап етілмеген заттар сатылуы, ал сатудан түскен сомалар осы Кодекстің 781-бабына сәйкес бөлінуі мүмкін.



## . ҰЙЫМДАРДЫҢ КИІМІЛГІШТЕРІНДЕ САҚТАУ

- 1. Егер затты сақтауға өткізу кезінде сақтағаны үшін сыйақы беру айтылмаған болса, ұйымдардың киімлігштерінде сақтау тегін болады деп ұйғарылады.
- 2. Сақтаушы заттың киімлігште сақтауға қабылданғанын растап, жүк берушіге заттың сақтауға қабылданғандығын растайтын нөмірлі жетон немесе басқа да таңба береді.
- 3. Киімлігшке өткізілген зат жетонды көрсеткен адамға беріледі. Бұл ретте сақтаушы жетонды көрсетушінің затты алуға өкілеттігін тексеруге міндетті емес. Алайда сақтаушы жетонның оны көрсеткен адамға тиесілі екендігіне күмән келтірсе, затты жетон көрсетушіге қайтаруды тоқтата тұруға құқылы.
- 4. Сақтаушы жүк беруші жетонды жоғалтып алғанда да киімлігштен затты беруге құқылы, бірақ оның киімлігшке зат өткізгендігі фактісі немесе оның жүк берушінікі екендігі күмән тудырмауы немесе жүк өткізуші оны дәлелдеуі керек.



# ҚОНАҚҮЙДЕ САҚТАУ

- 1. Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну дүлей күштің, заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.
- 2. Қонақүй ақшаның, өзге де валюталық құндылықтар мен бағалы қағаздардың жоғалғаны үшін олар сақтауға қабылданған жағдайда ғана жауап береді.
- 3. Қонақүйде тұратын адам өз затының жоғалғанын немесе бүлінгенін байқаған бойда бұл туралы дереу қонақүй әкімшілігіне мәлімдеуге міндетті. Бұлай жасамаған жағдайда қонақүй заттың сақталмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 4. Қонақүй мұндай жауапкершілікті өзіне алмайтындығы туралы хабарлама бергенмен, онда тұратындардың заттарын сақтау жөніндегі жауапкершіліктен босатылмайды.
- 5. Осы баптың ережелері мейманханаларға, демалыс үйлеріне, санаторийлерге, жатақханаларға және осы сияқты ұйымдарға, сондай-ақ ұйымға келуші азаматтардың сыртқы киімдерін, бас киімдерін және өзге де заттарын сақтау үшін арнайы орын бөлінген ұйымдарға қатыста да қолданылады.



# ДАУЛЫ ЗАТТАРДЫ САҚТАУ (СЕКВЕСТР)

- 1. Секвестр туралы шарт бойынша затқа деген құқық жөнінде араларында дау туған екі немесе бірнеше адам даулы затты даудың шешілуі бойынша соттың шешімі не дауласып жүрген барлық адамның келісуі (шарттық секвестр) бойынша бұл зат кімге берілсе, соған қайтаруды міндетіне алатын үшінші адамға береді.
- 2. Даулы зат соттың шешімі бойынша секвестр тәртібімен сақтауға берілуі мүмкін (сот секвестрі).
- Сот секвестрі бойынша сақтаушы сот тағайындаған адам да, дауласушы жақтардың өзара келісуі бойынша белгіленген адам да болуы мүмкін. Екі жағдайда да, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сақтаушының келісімі талап етіледі.
- 3. Секвестр тәртібімен сақтауға қозғалатын да, қозғалмайтын да заттар берілуі мүмкін.

